Ақтөбе облысының білім саласында

саланы қаматамасыз ету департаментінің

басшысы Г.Сарсенғалиеваға

«Ақтөбе облысының білім басқармасы

Әйтеке би ауданының білім бөлімі»ММ

«Сұлукөл жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

директоры А.Утегеновадан

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Сұлукөл жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің аттестаттау нәтижелерінің қорытындысы бойынша кемшіліктер мен ескертулерді жою жұмыстары туралы**
**анықтама**

Сұлукөл жалпы орта білім беретін мектебі бойынша мемлекеттік аттестаттау кезінде жіберілген кемшіліктер мен ескертулерді жою 15 сәуір 2024 жыл деп белгіленді.Белгіленген мерзімге дейін төмендегідей кемшіліктер мен ескертулер жойылды.

1. 2022-2023 оқу жылындағы 2 қосымша ұсынған біліктілік санаты туралы мәлімет бойынша Урдашева Гульнур Чапайқызының 22 жыл еңбек өтілі бар, алайда біліктілік санаты көрсетілмеген. Өзін өзі бағалау қорытындысы анықтамасында, Урдашева Гульнур Чапайқызы биылғы оқу жылында «Педагог сарапшы» санатына портфолио қорғап, тесттен 14.07.2023 жылы өткендігі көрсетіліп жазылған, «Педагог сарапшы санатын растайтын куәлік педагогтың е- портфолиосына түспеуіне байланысты, растайтын құжат ұсынылмаған.

*Урдашева Гульнур Чапайқызы «Ақтөбе облысы білім басқармасы»ММ 11.09.2023 жылғы № 369 бұйрығымен тәрбиеші лауазымы бойынша «Педагог-сарапшы» біліктілік санаты берілді. «Педагог сарапшы» санатын растайтын куәлік е портфолиосына салынды. «Педагог сарапшы» санатын растайтын куәлігі ұсынылды,ескерту орындалды. (көшірмесі қоса жалғанды).*

2.«Сұлукөл жалпы орта білім беретін мектебінде» өзін өзі бағалау есебінде 2020-2021,2021-2022 оқу жылдарында инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар тәрбиеленушілер болмағандығы көрсетілген. 2022-2023 оқу жылында мектепалды сыныбында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар 1 тәрбиеленуші көрсетілген, алайда түзету-дамыту жұмыстар жүргізілген құжаттары зерделеуге ұсынылмаған.

*Сынып мұғалімі мен мектеп психологының түзету- дамыту жұмыстарының құжаттары жинақталып, ұсынылды, ескерту орындалды (Түзету дамыту жұмыстарының жоспары, жұмыстарының көшірмелері қоса жалғанды)*

3. Өткен екі және ағымдағы оқу жылының мектепалды сынып тәрбиеленушілерінің жеке даму жоспарлары ұсынылмаған

*Мектепалды сынып тәрбиеленушілерінің жеке даму жоспарлары ұсынылды,ескерту орындалды.(жеке даму карталарының көшірмелері қоса жалғанды)*

4. 2020-2021,2021-2022,2022-2023 оқу жылында бастапқы бақылау нәтижелері көрсетілген, алайда бақылау парақтары зерделеуге ұсынылмаған.

*Бақылау парақтары зерделеуге ұсынылды, ескерту жойылды.(көшірме қоса жалғанды)*

5. Мектепке дейінгі сыныптағы балаларды қабылдау және шығару бұйрықтары зерделеуге ұсынылмаған.

*Мектепалды даярлық сыныбына балаларды қабылдау және есептен шығару туралы бұйрықтарының көшірме материалдары ұсынылды, кемшілік жойылды.(көшірме қоса жалғанады)*

6. Күнделік электронды журналын толтыру барысында 2020-2021,2021-2022,2022-2023 оқу жылдарында күнтізбелік жоспарлары толық жарияланбаған немесе мейрам күндерінде біріктірілген сағаттар саны көрсетілмегендіктен сағат сандары толық емес күйінде кездесетін оқу пәндері бар екендігі анықталды. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсы бойынша тақырыптарда жетіспеушіліктер анықталды.

*Бағдарламаның орындалу талаптарын сақтауда электронды журналының толтыру ережелерін жүйелеп,жолға қойылып, «Өмір қауіпсіздік негіздері» міндетті оқу курсы толығымен «Білім класс» электронды журналына толтырылып, ескерту жойылды. (Білім класс электронды журналынан алынған КТП көшірмелері қоса жалғанады)*

7. «Жолда жүру ережелері»міндетті оқу курс мазмұны 1-8 сыныптарда «Күнделік.kz» электрондық журналында КББ бөліміне арнайы бетке салынып жүргізілген. Дегенмен 2-4сыныптарда сынып сағаты есебінен жүргізілмеген. «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курс мазмұны сынып сағаты есебінен жүргізілмеген.

*«Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курс мазмұны сынып сағаты есебінен жүргізіліп, электронды журналға толтырылып, кемшілік жойылды. («Білім класс» электронды журналынан алынған көшірме қоса жалғанады)*

8. Жубатканова Нурсауле (педагогикалық еңбек өтілі-16 жыл), Урдашева Гульнурдың (педагогикалық еңбек өтілі- 23 жыл) біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттыруға бағытталған әдістемелік көмек жұмысын ұйымдастыру.

*Жубатканова Нурсауле Кенжеевна «Ақтөбе облысы білім басқармасы»ММ 11.09.2023 жылғы № 369 бұйрығымен тарих, география пәні мұғалімі лауазымы бойынша «Педагог-сарапшы» біліктілік санаты берілді. «Педагог -сарапшы» санатын растайтын куәлік е-портфолиосына салынды. «Педагог- сарапшы» санатын растайтын куәлігі ұсынылады. Урдашева Гульнур Чапайқызы «Ақтөбе облысы білім басқармасы»ММ 11.09.2023 жылғы № 369 бұйрығымен тәрбиеші лауазымы бойынша «Педагог-сарапшы» біліктілік санаты берілді. «Педагог -сарапшы» санатын растайтын куәлік е- портфолиосына салынды. «Педагог- сарапшы» санатын растайтын куәлігі ұсынылды, ескерту жойылды.(Көшірмелері қоса жалғанады)*

9.Директор міндетін атқарушы және директордың орынбасарлары басқару және ұйымдастыру жұмыстары бойынша қайта даярлау курстан өтпеген. Утегенова Айсауле (директордың оқу ісі орынбасары) және Жумагулова Салтанат (директордың тәрбие ісінің орынбасары) тарапынан үш жылда бір рет сиретпей біліктілік арттыру талаптары сақталмаған.

*Мектеп директоры Утегенова Айсауле, мектеп директорының орынбасары Акылбекова Ардақ Тлеугабыловна (Жумагулова Салтанат көшіп аударуына байланысты жұмыстан шығып кетті) және тәрбие ісінің орынбасары Кулбаракова Карлыгаш Берікқызы мектепті басқару менеджменті бойынша біліктіліктерін арттырып, кемшілік жойылды.(Сертификат көшірмелері қоса жалғанады)*

10. Зерделеу барысында №385 бұйрықпен бекітілген бастауыш кластарға арналған жеке пайдалану үшін жабдықталған шкафтардың болуы бойынша әдістемелік ұсынымның 9-қосымшасы бойынша мәлімет көрсетілмеген. (№ 70 бұйрықпен бекітілген тізбеде

оқушыларды, аяқ киімді, спорттық керек жарақтарды және сыртқы киімді сақтауға арналған жеке шкаф көзделген)

*№385 бұйрықпен бекітілген бастауыш класстарға арналған жеке пайдалану үшін жабдықталған шкафтармен (аяқ киімді,спорттық керек жарақтарын және сыртқы киімді сақтауға арналған жеке шкафтар) жабдықталды.Үстеме құжаттары мен суреттері қоса жолданады.*

11. ҚР ДСМ-76-бұйрығымен бекітілген ауыз су бұрқақтарының бар екендігі көрсетілмеген

*ҚР денсаулық сақтау министрлігінің 2021 жылғы 5тамыздағы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық- эпидемиологиялық талаптар» №76 бұйрығымен бекітілген санитариялық қағидаларына сай мектепте ауыз су режимі ұйымдастырылады. Ауыз су сапасы мен қауіпсіздік көрсеткіштері бойынша нормалау құжаттарының талаптарына сәйкес келеді. Суға арналған ыдыстар тұрақты түрде тазартылады. Су ішу үшін бір реттік қолданылатын стакандар пайдаланылады. Ауыз су режимін ұйымдастыру үшін бұйрықпен жауапты болып шаруашылық меңгерушісі Аяганов Мейрамбай тағайындалды . Оқушылар мен тәрбиеленушілердің мектепте болатын барлық уақыты ішінде ауыз суға еркін қажеттілікті қамтамасыз етілген. Бұйрық пен суреттер қосымша жіберіледі.*

Мектеп директоры Утегенова А.